



«ЯСАУИ ЗЕРТТЕУЛЕРІ» ЖУРНАЛЫНЫҢ РЕДАКЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫ

1. Жалпы ережелер

Редакция саясаты - Ясауитану: тарихы мен деректері, Ясауитану және түркі мәдениеті мен дүниетанымы, Ясауитану және әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер саласындағы ең жаңа зерттеулердің нәтижелерін ұсыну және тарату, ғылыми пікірталас алаңында кеңінен пікір алмасу, Ясауитану ғылымын интеграциялау үшін шетелдік авторларды тарту арқылы Ясауитанудың өзекті мәселелері мен сауалдарын анықтауға бағытталған ақпараттық әлеуметтік-гуманитарлық кеңістік құру мақсатында әзірленді.

Редакция саясаты академиялық ғылым саласындағы үздік тәжірибелерге негізделген және Жариялау этикасы комитетінің (COPE) ұсынымдарын қоса алғанда, халықаралық стандарттарға сәйкес дайындалды. Осы нұсқаулықты ұстану ғылыми этиканың жоғары деңгейін және жарияланатын жұмыстардың сапасын сақтауға негіз болады.

1.1 Ясауитану: тарихы мен деректері, Ясауитану және түркі мәдениеті мен дүниетанымы, Ясауитану және әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер бойынша бірегей жоғары сапалы мұқият іріктелген түпнұсқа еңбектерді жариялауға маманданған ғылыми журнал болып табылады.

1.2 Журнал 2025 жылдан бері басылып келеді. Қазақстан Республикасы Мәдениет және Ақпарат министрлігінде тіркелген. Қайта есепке қою куәлігі № KZ00VPY00140194. Берілген күні 23.01.2026 ж.

1.3 Сериялық басылымдардың стандартты нөмірлерінің халықаралық орталық журналға: ISSN баспа нұсқасы (Print) ISSN: 3134-8440 (баспа), ISSN электронды нұсқасы (Online) ISSN: 3134-8459 (онлайн) индексін берді.

1.4 Журналдың шығу жиілігі: тоқсанына бір рет.

1.5 Журнал сайты: <https://journal.azretsultan.kz>

1.6 Журналдың құрылтайшысы «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы РМҚК болып табылады. Мекен жайы: индекс 161200 Қазақстан, Түркістан қ., Әмір Темір көшесі, 53а, «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы бас ғимараты.

1.7 Редакциялық саясатқа өзгерістер мен толықтырулар Редакциялық алқаның шешімімен енгізіледі.

2. Журналдың мақсаты мен міндеттері

2.1 Журналдың редакциясының негізгі мақсаты:

- Ясауитану мәселелерін шешуде қазақстандық академиялық ғылым дәстүрлерін әлемдік Ясауитану жетістіктерімен байланыстыру арқылы

кешенді тәсілді іске асыру үшін шығармашылық тәжірибе алмасу және пікірталас алаңын құру болып табылады.

Осы арқылы журнал Ясауи мұрасын зерттеу мен насихаттаудың маңызды ғылыми алаңы ретінде қалыптасуды көздейді.

2.2 Журнал Қазақстандық ғылыми-ақпараттық жүйенің бір бөлігі ретінде материалдарды жариялау арқылы келесі міндеттерді шешуге қатысады:

- Ясауитану шеңберінде ғылыми мектептер мен бағыттарды қалыптастыру, Ясауитану саласындағы басым ғылыми зерттеулерді ақпараттық қолдау, ұтымды ғылыми идеяларды насихаттау;
 - ғылыми мақалаларды рецензиялауға Ясауитану саласының шетелдік жетекші ғалымдары мен білікті мамандарын тарту және олардың еңбектерін басылымды жариялауға ынталандыру және ғылыми ынтымақтастыққа қол жеткізу;
 - Ясауитану саласындағы жетекші ғалымдар мен мамандардың арасында диалог пен білім алмасу үшін ақпараттық платформа жасауды қамтамасыз ету;
 - ғалымдарға, оқытушыларға, докторанттарға, магистранттарға Ясауитану: тарихы мен деректері, Ясауитану және түркі мәдениеті мен дүниетанымы, Ясауитану және әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер саласындағы теориялық, қолданбалы және практикалық маңызы бар өз іргелі және қолданбалы зерттеулерінің нәтижелерін жариялауға, ғылыми жұмыстардың жаңа нәтижелері туралы отандық және шетелдік кәсіби қоғамдастықты хабардар етуге мүмкіндік беру;
 - Ясауитану бойынша зерттеу нәтижелерін ұсыну;
 - тиісті білім салаларында жоғары ғылыми стандарттарды сақтау мақсатында жетекші ғалымдарды, мамандарды рецензиялау процесіне тарту;
 - географиялық және институциялық шеңберлерге қарамастан Ясауитану саласындағы жаңа зерттеулермен ғылымды байыту;
 - Ясауитану саласындағы әдіснамалық және теориялық жаңалықтарды көрсету;
 - мақаланы редакциялық өңдеу кезеңінде қысқартуға және журналға материалдарды берудің икемді кестесін қалыптастыруға ұмтылу;
 - журналға халықаралық кеңістікте терең зерделеген жаңа идеяларды біріктіру және оларды талқылау үшін журналдың ғылыми алаңын ұсыну;
- Журналдың редакциялық алқасының мақала құрылымына әзірленген талаптар бойынша авторлармен жүйелі жүргізілген жұмысы арқылы ел ішіндегі ғылыми мақалалардың деңгейін арттыру;
- қазақстандық ғалымдарды халықаралық ғылыми қоғамдастыққа қосу;
 - журналды «ашық қолжетімді» (Open access) ғылыми басылым ретінде дамыту;
 - журналдың халықаралық деректер қорында және ашық электрондық ресурстарда болуын кеңейту;
 - шетелдік ізденуші-ғалымдарға журналдың қолжетімділігін арттыру үшін – зерттеудің кеңейтілген қысқаша мазмұнын (Abstract), кілт сөздерді

(Keywords) ағылшын тілінде жариялау және әдебиеттер тізімін (References) латын әліпбиінде қайталау.

3. Журналдың бағыты мен жиілігі

3.1 Журналда Қожа Ахмет Ясауи өмірі, қызметі, Ясауи дәуірінің тарихи-мәдени контексті, Ясауи жолының қалыптасуы, археология, этнография, антропология, нумизматика, реставрация, консервация, Диуани хикмет зерттеулері, Ясауи дүниетанымы, сопылық философия, Түркі сопылық дәстүрі, Түркі халықтарының рухани мәдениетіне әсері, Ясауи шәкірттері мен ізбасарлары, әдебиет, фольклор, діни дәстүрдегі ықпал, дінтану, философия, мәдениеттану, филология тұрғысынан талдау, қазіргі қоғамдағы рухани-адамгершілік құндылықтар, Ясауи мұрасын заманауи интерпретациялау, білім беру, мәдени саясаттағы маңызы, Ясауи зерттеулерінде ЖИ саласындағы теориялық, қолданбалы мәселелер бойынша ғылыми мақалалар жарияланады.

3.2 Тақырыптық бағыты: Ясауитану тарихы мен деректері, Ясауи мұрасы түркі мәдениеті мен дүниетанымы, Ясауи мұрасы және әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер.

3.3 Басылымның жариялану жиілігі - жылына 4 рет, үш айда бір рет (наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан).

4. Еркін қол жетімділік саясаты

Журналдың барлық жарияланған нөмірлері <https://journal.azretsultan.kz/> сайтының «Ағымдағы шығарылым» және «Мұрағат» парақшаларында ашық қолжетімді.

Жарияланған мақаладан кез келген деректерді көшіру кезінде журналға және материал авторларына сілтеме жасап отыру қажет.

«Ясауи зерттеулері» журналында жарияланатын материалдардың авторлары жарияланымға келісім бере отырып, редакцияға өз еңбектерін ақпараттық-телекоммуникациялық желіде жалпыға қолжетімді түрде орналастыру құқығын береді. Аталған келісім мақала ұсыну кезінде авторлық құқықтарды беру талаптарын қабылдау арқылы расталады.)

Әрбір автор мақаласындағы авторлық құқығын сақтайды. Жарияланған мақаланың материалдарын басқа басылымдарда, оның ішінде кітаптар мен оқу-әдістемелік басылымдарды дайындау кезінде (мақаланың баспа немесе электрондық көшірмелерін) де пайдалана алады.

Авторлардан (журнал көшірмесін қоспағанда), оқырмандардан жариялау ақысы алынбайды.

5. Мұрағаттау

Журналдың электрондық архиві (мақалалардың баспа нұсқасы PDF форматында) Журналдың ресми сайтында ашық қолжетімділікте орналастырылады.

Журнал тиражын Құрылтайшы айқындайды, журналдың міндетті ақысыз даналары немесе оның электрондық-сандық нұсқасы Қазақстан Республикасының ұлттық кітапханаларына, Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік кітап палатасына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құзіретті органға, сонымен қатар қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына, қазақстандық және шетелдік білім беру ұйымдарына, журналдың Редакциялық алқа мүшелері мен «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы РМҚК серіктестеріне жібереді.

6. Мақаланы жариялау шарттары

Ғылыми мақала – ғылыми зерттеудің, эксперименттік және аналитикалық талдаулар нәтижесіндегі автордың жеке тұжырымдарын, аралық және қорытынды нәтижелерін баяндайды. Ол бұрын жарияланбаған және жаңашылдыққа ие авторлық әзірлемелерді, тұжырымдарды, ұсыныстарды қамтиды немесе ортақ тақырыпқа байланысты бұрын жарияланған ғылыми мақалаларды қарастыруға арналған (жүйелі шолу).

Ғылыми мақалалар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қабылданады және олар бұрын еш жерде жарияланбаған болуы тиіс.

Редакцияға мақаланың соңғы нұсқасы жолданған күн мақаланың қабылданған күні болып есептеледі.

Редакция мәтінге мақаланың мағынасы бұрмаланбайтын редакторлық өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Шетелдік авторлардың мақалалары, сондай-ақ орыс, ағылшын және түркі тілдеріндегі мақалалар әр журнал нөміріндегі жарияланымдардың жалпы санының кемінде 1/3 бөлігін құрайды. Журналдың әр нөмірінде қазақстандықтармен сабақтас авторлығы жоқ шетелдік автордың 1 (бір) мақаласы жариялану ескеріледі.

Журналдың бір нөмірінде автор бірлескен авторлықты қоса алғанда бір ғана мақаласын жариялай алады. Бір автордың мақаласы (жеке дайындалған немесе сабақтас авторлармен бірге) журналдың екі нөмірінде қатарынан жарияланбайды.

Тек антиплагиат жүйесі арқылы тексерілгеннен кейін 75% немесе одан жоғары түпнұсқалығы бар қолжазба ғана әрі қарай рецензиялауға жіберіледі.

Жариялау кезеңіндегі басымдық халықаралық деректер базаларында – әсіресе Web of Science пен Scopus-та ғылыми профилі бар және жоғары ғылыми белсенділік танытқан авторларға беріледі.

Журналға мақала жариялауға қол жеткізу үшін мақалаларды дайындау кезінде автор ғылыми мақаланың құрылымын қатаң сақтауы және рәсімдеу ережелерін басшылыққа алуы қажет.

Мақала рәсімдеу параметрлері: бет – А4, кітаптың бағдарлануы, ені бойынша туралануы, барлық жағынан шеттері – 20 мм. Қаріп; типі – Times New Roman, өлшемі (кегль) – 14, жоларалық интервал – 1, «Азат жол» шегінісі -1,0 см.

Мақаланың көлемі (атауын, автор туралы мәліметтерді, аңдатпаны, кілт сөздерді, библиографиялық тізімді қоспағанда) кемі 6 бет (3000 сөз) болуы және 16 беттен (7000 сөз) аспауы керек.

Мақаланы рәсімдеуге арналған талаптар

Мәтіндер, формулалар мен кестелерді теру үшін Windows жүйесіне арналған Microsoft Word бағдарламасы қолданылады.

- 1) FTAMP (<http://grnti.ru/> сілтеме бойынша анықталады);
- 2) Автордың / авторлардың толық аты-жөні (егер екі немесе одан да көп авторлар болса, *Корреспонденция үшін автор көрсетіледі), енімен туралау, қою кіші әріптер;
- 3) автордың (авторлардың) жұмыс орны туралы мекеме(лер)нің толық атауы, қаласы мен елі туралы мәліметтер;
- 4) электрондық пошта мекенжайлары және авторлардың ORCID және Scopus ID (электрондық пошта мекенжайы түрінде); әрбір мекенжай үшін деректер жаңа жолдан беріледі;
- 5) жарияланымның атауы;
- 6) аңдатпа (қойылған мәселенің қысқаша мазмұны, мақаланың мақсаты, зерттеу әдістері мен нәтижелері, қорытындылар, 150-200 сөз);
- 7) кілт сөздер (5-тен кем емес және 10-нан көп емес сөз немесе сөз тіркестері);
- 8) алғыс білдіру (соның ішінде қаржыландыру туралы ақпарат) әр бетке автоматты ескертулер арқылы беріледі;
- 9) кіріспе;
- 10) зерттеу әдістері
- 11) талдау
- 12) алынған нәтижелер
- 13) қорытынды
- 14) әдебиет (мақала тілінде және ағылшын тілінде reference).
- 15) аңдатпа және кілт сөздер басқа екі тілде (жақын және алыс шетел авторлары бұл мәліметтерді ағылшын және орыс тілдерінде бере алады, ал қазақ тіліне журналдың редакциясы аударады) беріледі.
- 16) мақала соңында автор (авторлар) туралы ақпарат үш тілде (орыс, қазақ, ағылшын) беріледі: аты-жөні (толық), ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, лауазымы, университеттің атауы, мекенжайы, қаласы, мемлекеті, ORCID.
- 17) қысқартылған сөздер тізбесі (мақала мәтінінде аббревиатуралар, әдебиеттерде, сурет асты мәтіндерде қысқартулар болған жағдайда) мақала тілінде;
- 18) иллюстрациялар тізбесі мәтіні үш тілде (мақала тілінде, орыс тілінде және ағылшын тілінде) беріледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімін рәсімдеу:

APA (American Psychological Association) стилі қолданылады. Әдебиеттер тізімінен дереккөзге сәйкес сілтемелер мәтінде доғал жақшаның ішінде жұмыстың бірінші авторын, жарияланған жылын, беттер нөмірін / нөмірлерін көрсете отырып беріледі, мысалы:

1. (Ахмет, 2024: 45) немесе (Ахмет, 2025: URL);
2. 2 немесе одан да көп автор болған жағдайда:
 - (Ахмет және т.б., 2022: 45);

- (Ахмет, Сейдулла, Үсен, 2026: 45);

3. Тікелей сілтеме болмаған жағдайда: (Ахмет, 2022).

Тізімнің шрифті: Times New Roman, өлшемі 12, абзац шегінісі – 1,25, беттің ені бойынша тураланып, келесі жолға сызықшамен бөлу арқылы беріледі.

Әдебиеттер тізімі екі нұсқада беріледі:

- 1) алфавит бойынша мақала тілінде нөмірленіп;
- 2) латын транслитерациясы, оның ішінде ағылшын тіліне аудармасы төртбұрышты жақшада беріледі.

Пайдаланылған әдебиеттер (анықтамалар) тізіміне диссертациялар, диссертациялардың авторефераттары, әртүрлі басылымдардағы ресми құжаттардың мәтіндері (жарлықтар, бұйрықтар, қаулылар, бағдарламалар және т.б.) енгізілмейді, мұрағаттық деректер (және автордың далалық материалдары) мақала мәтінінде доғал жақшада көрсетіледі және автоматты түрде беттік ескертулер арқылы сілтеме жасалуы керек. Мұрағаттық құжаттардың шығыс деректерінің барлық аббревиатуралары үтірмен бөлініп, кіші әріптермен белгіленеді (ГА, ф. 4, д. 2, л. 16). Олар әдебиеттер тізбесіне кірмейді.

Жариялануға қабылдаған материалды редакциялау Журналға түсетін материалдарға қойылатын талаптарға сәйкес және автордың (авторлардың) көзқарасы ескеріле отырып Редакциямен жасалады.

Дайындалған материалды Редакция бақылау мақсатында оқылуы және мақұлдануы үшін Редакциялық алқаға жібереді.

Редакциялық алқаның мүшелерімен келісілгеннен соң Бас редактор макеттің түпнұсқасын Редакциялық алқаның Төрағасына бекітуге енгізеді.

Редакциялық алқаның Төрағасымен бекітілгеннен кейін жариялануға жолдайды.

Берілген материалдардың шынайылығы және мазмұны үшін **автор жауап береді**. Рәсімделу ережесіне сәйкес дайындалған мақала мәтіні Журналдың сайтында тіркеледі.

Мақалалар жариялауға қойылған талаптарды қатаң сақтағанда және жолданылатын құжаттардың бәрі түгел болғанда ғана қарауға қабылданады.

Жарияланымдар мерзімі туралы авторларға материалдар қаралғаннан кейін, рецензиялаудан өткен соң хабарланады.

Үлгі: FTAMP 03.41. <http://grnti.ru/> сілтеме бойынша анықталады)

* Қартабаева Е.Т.¹

¹ әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Dosken70@gmail.com

Қожа Ахмет Ясауидің түркі халықтары руханиятындағы орны

Андатпа. Бұл мақалада түркі халықтарының рухани болмысының негізгі көздерінің бірі ретінде, түркілік сопылықтың негізін қалаушы Қожа Ахмет Ясауидің ілімінің ерекшеліктері қарастырылады. Автор Ясауи ілімінің

қалыптасуына ықпал еткен тарихи-объективті факторларға жан-жақты тоқталады. Атап айтқанда, Ясауи өмір сүрген тарихи кезең, яғни қарастырылып отырған дәуірдегі мұсылман елдерінің дамуындағы кереғар құбылыстар сопылықтың қалыптасуына ықпал еткен болатын. Мақала авторының пікірінше Ясауидің сопылық дүниетанымы қоғам өміріндегі дәл осы кері құбылыстармен күресте пісіп-жетілді. Ясауи ілімінің қалыптасуына сондай-ақ түркі халықтарының дәстүрлі дүниетанымы үлкен дәрежеде ықпал етті. Мақалада сопылықтың түркілік мектебі түркі-ислам синтезі негізінде қалыптасқандығы деректер негізінде талданады. Автор аталған мәселелерді талдауда өркениеттік зерттеу методологиясы қолданды... (150-200 сөз).

Түйін сөздер: ислам, тарих, түркілер, сопылық, шариғат, тариқат (кемі 5 сөз немесе сөз тіркесі).

МАҚАЛАНЫҢ НЕГІЗГІ МӘТІНІ

Мақаланың негізгі мәтіні келесі құрылымдық элементтерді қамтуы керек:

- Кіріспе
- Материалдар мен зерттеу әдістері
- Талдау
- Алынған нәтижелер
- Қорытынды

Әдебиет (рәсімдеу үлгісі)

Кітап: Кенжетай Д. Қожа Ахмет Йасауи дүниетанымы. Түркістан: Тұран, 2004.

Ғылыми жинақтағы мақала: Вальков И.А., Федорук А.С., 2017. К вопросу о функциональном назначении костяных коньков // Сохранение и изучение культурного наследия Алтайского края: сборник научных статей. Барнаул: Алт.ун-ті. 264 б.

Ұжымдық монография: Иасауи Қожа Ахмет. Диуани хикмет (Ақыл кітабы) (баспаға әзірлеп, қазақша аударғандар – М.Жармұхамедұлы, С.Дәуітұлы, М.Шафиғи). Алматы: «Мұраттас» ғылыми-зерттеу және баспа орталығы, 1993, 184 б.

Конференция материалдары: Жүнісбаев Ұ. Ладуні ғылым // Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселелері. Халықаралық конференция. 29 қыркүйек – 1 қазан 2008 ж. Түркістан қаласы. – Алматы, 2008.

Журналдағы мақала: Сапашев О.С., 2024. Ясауи шығармалары мен сопылық ағымы қазақ әдебиеті мен әдеби тілінің негізі ретінде. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы 1 (Т.64). 390-400 беттер.

Электронды дереккөз: Тәшкенбаева Ұ.Т. 2025. Қ.А. Яссауи еңбектерінің философиялық және тәлім-тәрбиелік мәні// «<https://kozhal.kz/>». №1 (Т. 21) [Электронды ресурс]. URL: <https://kozhal.kz/20219784-q-a> (қаралған күні: 05.03.2026).

Оқу құралы: Тәжікова К., Шағатаева Ш., «Қожа Ахмет Ясауи». Қазақ Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралы. «Білім» баспасы, 1994ж. 143-бет.

References (Formatting Example)

Book:

Kenzhetay, D. Khoja Ahmet Yasawi dünyetanı [The Worldview of Khoja Ahmed Yasawi]. Turkistan: Turan, 2004.

Article in a scientific collection:

Valkov, I.A., & Fedoruk, A.S. (2017). K voprosu o funkstionalnom naznachii kostyanih konkof// Sohraneniye I izucheniye kulturnogo naslediya Altayskogo kraya: sbornik naychnih statey [On the functional purpose of bone skates. In Preservation and Study of the Cultural Heritage of the Altai Region: Collection of Scientific Articles]. Barnaul: Altai State University, p. 264.

Collective monograph:

Yasawi, Khoja Ahmet. Diwani Hikmet (Book of Wisdom). Prepared for publication and translated into Kazakh by M. Zharmukhameduly, S. Dauituly, M. Shafighi. Almaty: "Murattas" Research and Publishing Center, 1993, 184 p.

Conference proceedings:

Yunisbaev, U. (2008). Ladun' gilim // Khoja Ahmet Yasaw' murasi men iliminin zerttelu maseleleri [Laduni Science. In Issues in the Study of the Legacy and Teachings of Khoja Ahmed Yasawi], International Conference, September 29 – October 1, 2008, Turkistan. Almaty, 2008.

Journal article:

Sapashyev, O.S. (2024). Yasawi shygarmalary men sopiliq agimi kazak adebiyeti men adebi tilinin negizi retinde [Yasawi's works and the Sufi tradition as the foundation of Kazakh literature and literary language]. Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series, 1(64), 390–400.

Electronic source:

Tashkenbayeva, U.T. (2025). Kh. A.Yasawi enbekterinin filosofialiq jane talim-tarbiyelik mani [Philosophical and educational significance of Khoja Ahmed Yasawi's works]. // Kozhalar.kz, №1 (Vol. 21) [Electronic resource]. URL: <https://kozhalar.kz/20219784-q-a> (accessed: 05.03.2026).

Textbook:

Tazhikova, K., & Shagataeva, Sh. (1994). Khoja Ahmet Yasawi [Khoja Ahmed Yasawi]. Kazakh: Textbook for Higher Education Students. Almaty: "Bilim" Publishing, p. 143.

Картабаева,¹

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Email: Dosken70@gmail.com

Место Ходжи Ахмеда Ясауи в духовной жизни тюркских народов

Аннотация. В статье рассматриваются особенности учения Ходжи Ахмеда Ясауи, основателя тюркского суфизма, как одного из основных источников духовной идентичности тюркских народов. Автор всесторонне анализирует исторические и объективные факторы, повлиявшие на формирование учения Ясауи. В частности, исторический период жизни Ясауи,

характеризующийся значительными социальными и религиозными переменами в мусульманских государствах, сыграл важную роль в становлении суфизма. По мнению автора, суфийский взгляд Ясауи формировался именно в контексте борьбы с этими общественными трудностями. Кроме того, традиционная мировоззренческая основа тюркских народов значительно способствовала развитию его учения. В статье анализируется тюркская школа суфизма как результат синтеза тюркской и исламской традиций. При рассмотрении этих вопросов автор применяет методологию цивилизационного исследования... (150–200 слов)

Ключевые слова: ислам, история, тюрки, суфизм, шариат, тарикат... (не менее 5 слов и словосочетаний)

***Qartabaeva, E.T.¹**

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
Email: Dosken70@gmail.com

The Role of Khoja Ahmed Yasawi in the Spirituality of Turkic Peoples

Abstract. This article examines the distinctive features of the teachings of Khoja Ahmed Yasawi, the founder of Turkic Sufism, as one of the primary sources of the spiritual identity of Turkic peoples. The author provides a comprehensive analysis of the historical and objective factors that influenced the formation of Yasawi's doctrine. In particular, the historical period in which Yasawi lived—marked by significant upheavals in the development of Muslim states—played an essential role in shaping Sufism. According to the author, Yasawi's Sufi worldview matured in response to these societal challenges. Furthermore, the traditional worldview of Turkic peoples significantly contributed to the development of Yasawi's teachings. The article analyzes the Turkic Sufi school as having emerged on the basis of the Turkic-Islamic synthesis. The author employs a civilizational research methodology in addressing these issues... (at least 5 words and phrases)

Keywords: Islam, history, Turkic peoples, Sufism, Sharia, tariqat... [8-10 words/word combinations]

Авторлар туралы мәлімет:

Қартабаева Е.Т. – тарих ғылымдарының кандидаты (т.ғ.к.), әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің (ҚазҰУ) Дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының доценті.

ORCID:

Авторлар туралы мәліметтер:

Картабаева Е.Т. – кандидат исторических наук (к.и.н.), доцент кафедры всемирной истории, историографии и источниковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби (КазНУ).

ORCID:

Author Information:

Kartabaeva, E.T. – PhD in History, Associate Professor at the Department of World History, Historiography, and Source Studies, Al-Farabi Kazakh National University (KazNU).

ORCID:

Әр мақалаға DOI: <https://doi.org/10.32523/2789-4320-2025-1-x-x>

Мақаланы жариялаудан бас тарту негіздері

- а. Мақала плагиатқа қарсы тексеруден өтпеді;
- ә. Мақала бойынша екі теріс рецензияның болуы;
- б. Журнал саясатының техникалық талаптарына сәйкес келмеуі;
- в. Автор рецензенттер ұсынған түзетулерді енгізбеді;
- г. Антиплагиат жүйесінде тексеру нәтижесінде жасанды түрде генерацияланған мәтіннің бар екендігі анықталады;
- ғ. Брокерлер мен/немесе делдал ұйымдардың сыртқы көмек жүйесін пайдалану.

Авторлық құқық.

Осы журналға жариялайтын авторлар келесі талаптармен келіседі: авторлық құқықты сақтайды және журналға Creative Commons Attribution License лицензиясы негізінде жұмысты алғашқы жариялау құқығын береді, бұл басқаларға осы жұмысты түпнұсқа туындысының авторларына және осы журналдағы түпнұсқа басылымға сілтемелерді міндетті түрде сақтай отырып таратуға мүмкіндік береді. Авторлар осы Журналда оның бастапқы жариялануына сілтеме жасай отырып, жұмыстың нұсқасын осы жерге жарияланған түрде эксклюзивті емес таратуға қатысты жеке келісім-шарт жасасу құқығын сақтайды.

Құпиялылық

Осы журналдың веб-сайтына енгізілген атаулар мен электрондық пошта мекен-жайлары тек осы журналда белгіленген мақсаттар үшін пайдаланылады және басқа мүдде үшін пайдаланылмайды немесе өзге адамдар мен ұйымдарға берілмейді.

Рецензиялау тәртібі

Журналда жарияланатын ғылыми мақалалар міндетті түрде рецензиялау рәсімінен өтеді. Мақалаға рецензияны зерттеу тақырыбына сәйкес келетін тәуелсіз ғалым дайындайды. Мақаланы рецензиялау мерзімі бір айдан аспауы тиіс.

Егер рецензияда мақаланы толықтыру немесе түзету жөнінде ұсыныстар берілген жағдайда, редакция рецензия мәтінін авторға толық көлемде жолдайды. Автор ескертулерді ескеріп, мақаланы қайта өңдегеннен кейін ол қайтадан рецензиялауға ұсынылады. Рецензент мақаланы жариялауға қолдау білдірмеген жағдайда, қолжазба қайта қарауға қабылданбайды.

Халықаралық ғылыми қауымдастықта қабылданған ғылыми этика қағидаларын сақтау және ғылыми жарияланым үдерісінде орын алуы мүмкін кез келген бұзушылықтардың алдын алу мақсатында редакция алқасына

ұсынылған әрбір қолжазба зерттеу бағытына сәйкес екі жақты «құпия» рецензиялаудан өтеді. Рецензенттер қатарына журналдың редакция алқасының мүшелерімен қатар, тиісті ғылыми салада терең білімі мен жоғары ғылыми беделі бар сыртқы тәуелсіз сарапшылар тартылады.

Автор мен рецензенттер арасында пікір қайшылығы туындаған жағдайда, редакция мақаланы қосымша немесе қайта рецензиялау үшін басқа маманға жіберуге құқылы. Егер автор рецензенттердің ұсыныстары мен ескертулерін ескермеген немесе қабылдамаған жағдайда, редакциялық алқа мақаланы жариялаудан бас тартуы мүмкін.

Оң қорытынды алған қолжазбалар әдеби және техникалық редакциялау кезеңіне жіберіледі. Мақаланың жариялануға қабылдануы туралы түпкілікті шешімді редакциялық алқаның ұсыныстары негізінде журналдың бас редакторы қабылдайды. Жариялау туралы шешім қабылданғаннан кейін бас редактор авторға бұл жөнінде хабарлап, мақаланың болжамды жариялану мерзімін көрсетеді.

Рецензиялау үдерісіне редакциялық алқа мүшелерімен қатар, ғылыми ойдың дамуына елеулі үлес қосқан, Қазақстанда және шетелде ғылыми мектептері мен ізбасарлары қалыптасқан жетекші ғалымдар тартылады. Атап айтқанда, Ясаунтану, тарих, өнертану, музей ісі, мәдениеттану, түркология, философия, филология және педагогика ғылымдарының әртүрлі бағыттары бойынша халықаралық деңгейде танылған зерттеушілер, сондай-ақ осы салаларда ғылыми жарияланымдары бар, ғылыми қауымдастықта жоғары бағаланатын мамандар қатысады.

Рецензенттердің құрамы тұрақты емес және қажет болған жағдайда жыл сайын жаңартылып отырады. Рецензиялау барысында өздеріне жүктелген міндеттерді тиісті деңгейде орындамаған жағдайда, рецензенттерді ротациялау жүзеге асырылады.

Рецензенттердің құқықтары мен міндеттері

Рецензент ұсынылған мақала бойынша оң қорытынды беру мүмкін болмаған жағдайда, оның себептерін негіздей отырып, рецензия жазудан бас тартуға құқылы.

Рецензенттің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- ұсынылған ғылыми мақалаға жан-жақты, сапалы және объективті рецензиялық сараптама жүргізу;
- рецензиялауға берген келісімін растайтын құжаттың сканерленген нұсқасын белгіленген мерзімде электрондық пошта арқылы жолдау.

Рецензент келесі критерийлер бойынша бағалау жүргізеді:

- мақаланың мазмұнының ұсынылған тақырыпқа сәйкестік деңгейі;
- зерттеу тақырыбының ғылыми өзектілігі;
- ғылыми мәселенің нақты әрі негізді қойылуы;
- автор ұсынған ғылыми жаңалықтың және зерттеу нәтижелерінің жаңашылдығы;
- қарастырылып отырған мәселені шешудің тиімді әрі қолжетімді жолдарының ұсынылуы;

- зерттеу нәтижелерінің бастапқы ғылыми ізденістермен және алынған деректермен сәйкестігі;
- қолданылған терминологияның бірізділігі мен ғылыми дәлдігі;
- автордың зерттеліп отырған мәселе бойынша ғылыми әдебиеттерді және халықаралық тәжірибені меңгеру деңгейі;
- мәтіннің ғылыми стильге сәйкестігі, тілінің нақтылығы мен түсініктілігі, сондай-ақ қажет болған жағдайда қосымша ғылыми және әдеби редакциялаудың қажеттілігі.

Рецензияға қойылатын талаптар

Рецензияда нақты әрі негізделген қорытындылар берілуі тиіс. Атап айтқанда, рецензияда төмендегі мәселелер қамтылуы қажет:

- қарастырылып отырған мәселе бойынша бұрын жарияланған ғылыми әдебиеттерге шолу негізінде мақаланы жариялаудың қажеттілігі туралы пікір;
- автор тарапынан енгізілуі тиіс түзетулер мен толықтырулар, сондай-ақ мақалада анықталған кемшіліктер жөніндегі ескертулер;
- мақаланы жариялау мүмкіндігі туралы қорытынды шешім: «жариялауға ұсынылады», «анықталған кемшіліктерді түзету шартымен жариялауға ұсынылады» немесе «жариялауға ұсынылмайды».

Рецензия құжатына рецензенттің қолы қойылып, оның жұмыс орны болып табылатын мекеменің мөрімен расталуы тиіс.

Жария ету саясаты және мүдделер қақтығысы

Қарауға ұсынылған қолжазбалардан алынған жарияланбаған деректерді автордың жазбаша келісімінсіз жеке зерттеу үшін пайдалануға болмайды. Рецензиялау кезінде алынған және ықтимал артықшылықтармен байланысты ақпарат немесе идеялар құпия сақталуы және жеке пайда үшін пайдаланылмауы тиіс.

Рецензенттер қолжазбаларды, егер оларда авторлармен, компаниялармен немесе ұсынылған жұмысқа байланысты басқа ұйымдармен бәсекелестік, бірлескен және басқа да қарым-қатынастар немесе өзара әрекеттесу салдарынан мүдделер қақтығысы болған жағдайда оларды қарастырмауы тиіс.

Барлық мүдделі авторлар, рецензенттер, редакторлар және журналдың редакциялық алқасының мүшелері мүмкіндігінше жарияланымның барлық кезеңдерінде кез-келген вариацияда мүдделер қақтығысының туындауын болдырмауға міндетті. Қандай да бір мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда, оны анықтағандар бұл туралы редакцияға дереу хабарлауы керек. Бұл жариялау және ғылыми этика принциптерін, стандарттарын және нормаларын кез-келген басқа да бұзушылықтарға қатысты.

Жоғарыда аталған авторлардың, редакторлардың және рецензенттердің этикалық мінез-құлық стандарттарын бұзудың ықтимал жағдайлары Жарияланым этикасы жөніндегі комитеттің (Committee on Publication Ethics: COPE. Promoting integrity of the Publication Ethics: COPE, Promoting the integrity of the Publication Research and its Public Ethics:th) ғылыми жарияланымдар этикасы қағидалары бойынша әдістемелік нұсқаулар негізінде шешілетін болады.